



## ҚАУЛЫ

08.01.2021 ж.

Ақтау қаласы

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 1

город Ақтау

### **Маңғыстау облысының аумағында коронавирус инфекциясының алдын алу туралы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 104-бабының 2-тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 қаңтардағы №67 «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы», Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен женілдету туралы» қаулысына сәйкес, Маңғыстау облысының аумағында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуі жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының шешімімен **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

**1. Маңғыстау облысында карантин режимі мен мерзімдері «COVID-19» коронавирустық инфекциясының таралуы бойынша жағдайдың өзгеруіне сәйкес өзгертуіліуі мүмкін.**

**2. Аудандар мен қалалар, ауылдық округтер әкімдеріне, мемлекеттік органдарға, полиция департаментіне және Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасына және «Атамекен» ҰКП-на келесі қызметтердің тоқтатылуын қамтамасыз етуге:**

1) денсаулық сақтау үйымдарында, жедел медициналық жәрдем машиналарында, жергілікті атқарушы органдар карантин үшін айқындаған үй-жайларда, сондай-ақ медицина қызметкерлері үйде медициналық көмек көрсету, ошақта эпидемиологиялық тергеп-тексеру жүргізу, науқастардан және байланыста болған адамдардан сұрау және сауалнама алу кезінде аудио, фото және бейне түсірілім жүргізуге тыйым салуды;

2) ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;

3) ойын-сауық мекемелерінің (жабық үй-жайлардағы балалар ойын алаңдары мен аттракциондары, батуттар және басқалар), букмекерлік кенселердің қызметіне тыйым салуды;

4) спортшылардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде окужаттығу жиындары мен жарыстарға қатысуы үшін шығуына тыйым салуды;

**3. Облыс қалалары мен аудандарының әкімдеріне, Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына және Маңғыстау облысының білім басқармасына күшейтілген санитарлық - дезинфекциялық және бетперде режимін сақтай отырып, қызметке рұқсат беруді, сондай ақ отыратын орындар санынан артық емес толтырылуын қамтамасыз етуге:**

1) отыратын орындар санына сәйкес толтыру бойынша қарбалас уақытта жүретін автобустар санын көбейтуімен, жолсеріктің қатысуымен дезинфекциялау құралдарымен өндеумен соңғы аялдамасында барлық есіктерді ашумен, қоғамдық көліктің жұмысын қайта бастауға рұқсат беруді;

2) күшейтілген санитарлық – дезинфекциялық режимді сақтай отырып, қалааралық, ауданааралық, және қала маңындағы жолаушылар автобус тасымалына рұқсат беруді;

3) жеке автокөліктің өнірлер арасында жүруіне рұқсат беруді;

4) облыс шегінен тыс жерлерде, облыс ішіндегі және облыс аралық жолаушылар поездарының қозғалысына рұқсат беруді;

5) қоғамдық көлікке, таксиге, әуежайларға, ауладағы балалар алаңдарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өндеу жүргізуі;

6) ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда ашық ауадағы аттракциондардың қызметіне рұқсат беруді;

7) ашық ауада жеке және топтық жаттығуларға (топта 5 адамнан асырмай) рұқсат беруді;

8) Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығуларға (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру) рұқсат беруді;

**9) 2020-2021 оқу жылдарының үшінші тоқсанынан бастап:**

-сыныптарды 15 баладан асырмай жинақтауды сақтай отырып, ата-аналардың өтініші бойынша жалпы білім беретін мектептерде 1-ден 5 сыныпқа дейін қоса алғанда, халықаралық мектептерде 7 сыныпқа дейін қоса алғанда кезекші сыныптарда оқытуға;

- 2020-2021 оқу жылдарының III тоқсанынан бастап, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, пәндердің 70%-ын дәстүрлі форматта, 30% - ын қашықтықтан оқыту форматында өткізу жолымен 9, 11 (12) сыныптарды дәстүрлі оқыту форматына көшірілсін;

- қажет болған жағдайда мектептерде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, 5 оқушыға дейінгі топтарда оқушылардың

білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру үшін жеке кеңестер өткізуге рұқсат етілсін;

-техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында 1 курс студенттері 2020-2021 оқу жылының II семестрінен бастап санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, оқытудың аралас форматына көшірілсін.

- кезекші сыныптар үшін мектеп асханаларының қызметіне рұқсат беру (залды толтырудың 30% - нан артық емес);

10) күшеттілген санитарлық – дезинфекциялық режимді сақтаған жағдайда, 15 баладан аспайтын кезекші топтарын үйымдастыра отырып, мектепке дейінгі мекемелердің қызметіне рұқсат беруді.

#### **4. Маңғыстау облысының «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ мен «Казпочта» АҚ бойынша филиалы қамтамасыз етсін:**

1) карантиндік шараларды сақтай отырып, онлайн форматта қызмет көрсете отырып, "Қазпошта" АҚ жұмысын үйымдастыру;

2) карантиндік шараларды сақтай отырып, белгіленген жұмыс кестесімен халыққа қызмет көрсете орталығының жұмысын үйымдастыру.

**5. Аудандар мен қалалардың, ауылдық округтердің әкімдеріне туризм субъектілеріне(объектілеріне) оның ішінде демалыс үйлеріне (базаларға, аймақтарға), туристік базаларға, санаториялық-курорттық үйымдарға, ұлттық табиғи парктерге, ыстық бұлақтардағы демалыс аймақтарына күшеттілген санитарлық - дезинфекциялық және бетперде режимін сақтай отырып, сондай –ақ 50%-дан аспайтын толымдылықпен қызмет етуге рұқсат беруді қамтамасыз етуге:**

1) маска режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын жеке және үйымдастыран топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға, резерваттарға және басқаларға) баруға рұқсат беруді.

**6. Облыс қалалары мен аудандарының әкімдеріне, Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасына және «Атамекен» ҰКП-на күшеттілген санитарлық – дезинфекциялық және маскалық режимді, сондай – ақ әлеуметтік ара- қашықтықты сақтай отырып, қызметке рұқсат беруді қамтамасыз етуге:**

1) күшеттілген санитарлық - дезинфекциялық режимді және шахматтық отырғызу тәртібі бойынша әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып, үзіліс кезінде ғимараттарды желдету, медициналық маска кию арқылы жалпы сиымдылығы 50% - дан аспайтын және 30 адамнан аспайтын мәдени нысандардың, театрлардың, кітапханалардың, мұражайлардың қызметіне рұқсат беруді;

2) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптары сақтай отырып, жұмыс кестесін сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін белгілей отырып, толымдылығы 30% - дан аспайтын кинотеатр жұмыстарын жүргізуғе;

3) күшейтілген санитарлық - дезинфекциялық режимді сақтай отырып, діни объектілердің қызметіне (мешіттер, шіркеулер т.б.) ұжымдық массалық іс-шараларды өткізбей рұқсат беруді;

4) күшейтілген санитарлық – дезинфекциялық режимді сақтай отырып, бір адамға шаққанда су айнасының 5 ш.м. есебінен жеке форматта, алдын ала жазылу бойынша бассейндердің қызметіне рұқсат беруді;

5) күшейтілген санитарлық – дезинфекциялық режимді сақтай отырып, алдын ала жазылу бойынша 15 адамнан аспайтын тобы бар балалар түзету кабинеттерінің/орталықтарының, балалар мен ересектердің оқу орталықтарының, оңалту орталықтарының қызметіне рұқсат беруді;

6) күшейтілген санитарлық – дезинфекциялық режимді сақтай отырып, алдын ала жазылу бойынша бір адамға кемінде 4 ш.м. есебінен СПА-орталықтардың, слулық салондардың, шаштараздардың, косметикалық және косметологиялық қызмет көрсететін орталықтар мен салондардың қызметтеріне рұқсат беруді;

7) жаттығу залдарының, фитнес орталықтарының, спорт секцияларының, спорттық - сауықтыру орталықтарының қызметіне алдын ала жазылу бойынша толықтырылуын 50% - дан асырмай және 1 келушіге 5 ш.м. есебінен қамтамасыз етіп, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, рұқсат беруді;

8) күшейтілген санитарлық – дезинфекциялық режимді сақтай отырып, толықтырылуын 50% - дан асырмай және 1 келушіге кемінде 4 ш.м. қамтамасыз етіп, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптары сақтай отырып, қоғамдық моншалар, саunalар қызметіне рұқсат беруді;

9) 30% - дан асырмай толтыруды және 1 келушіге кемінде 4 ш.м. сақтаған, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №57 қаулысының талаптары сақтаған жағдайда, жабық, ашық азық-түлік, азық - түлік емес базарларының жұмыс кестесі сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін, ал сауда объектілерінің (супер және гипер маркеттер) жұмысына жұмыс режимі сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін рұқсат етілсін;

10) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда, кеңестерді (отырыстарды) күндізгі режимде өткізуғе рұқсат ету (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда);

11) меншік нысанына қарамастан, күшейтілген санитарлық – дезинфекциялық режимнің аймақтарға бөлу талаптарын сақтай отырып, алдын ала тіркелу арқылы медициналық ұйымдардың қызметіне рұқсат беруді;

12) күшейтілген санитарлық – дезинфекциялық режимді сақтай отырып, туризм объектілерімен халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы ұйымдардың (қонақ үйлер, демалыс үйлері, туристік базалар және т.б.) қызметіне толықтыруды 50% асырмай, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда рұқсат беруді;

13) ашық ауада және үй - жәйда қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне ұжымдық іс шараларды өткізбей залда 50 –ден аспайтын отыратын орын орнатыла отырып, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда рұқсат беруді;

14) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда дәріханалардың қызметіне рұқсат беруді;

15) ұжымдық іс - шаралар өткізбей, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, сауда ойын - сауық орталықтарында (жекелеген үй-жайларда) орналасқан қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне рұқсат беруді;

16) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, толымдылығы 30% - дан асырмай және 1 келушіге кемінде 4 ш.м. сақтаған жағдайда, сауда, ойын-сауық орталықтарында, сауда үйлерінің қызметіне жұмыс кестесі сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін бір келушіге 30% - дан аспайтын және 4 ш. м. - ден кем емес толтырылуын сақтай отырып, ҚР МГСВ №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып рұқсат етілсін;

17) күшейтілген санитарлық – дезинфекциялық режимді сақтай отырып, автомобиль жуу, көлік жөндеу, шиномонтаж жұмыстарына және халыққа тұрмыстық қызмет көрсету қызметіне рұқсат беруді;

18) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, бизнес орталықтардың (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары қызметтері және т.б.) айырбастау пункттерінің, ломбардтардың жұмысын ұйымдастыруды;

19) үздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметіне, ашық ауадағы құрылыш жұмыстарына, ауыл және балық шаруашылығына, мал шаруашылығына Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №67 қаулысының талаптарын сақталған жағдайда рұқсат беруді;

20) пенитенциарлық (қылмыстық-атқару) жүйесі мекемелерінде санитариялық-дезинфекциялық режим алгоритмін сақтауды;

21) өнеркәсіптік кәсіпорындардағы және өндірістік объектілердегі, оның ішінде вахталақ әдіспен жұмыс істейтін объектілердегі санитариялық-дезинфекциялық іс-шаралар алгоритмін сақтауды;

22) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (оның ішінде ҰҚҚ Шекара қызметі) және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы (оның ішінде азаматтық персонал) арасында COVID-19-дың таралу тәуекелін азайту жөніндегі алгоритмді сақтауды;

23) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, 3 адамнан аспайтын топтармен немесе бір отбасы мүшелерінің ойын-сауық объектілері жоқ саябақтарға, алаңдар мен скверлерге, жағалауларға және халықтың өзге де демалыс орындарына баруға рұқсат беруді;

24) ашық ауада 5 адамнан аспайтын жеке және топтық жаттығуларға, сондай –ақ Ұлттық құрама және Олимпиадалық резервке арналған спорттық жаттығулар мен жарыстарды көрерменсіз өткізуге, клуб командалары үшін спорттық жаттығуларға (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия спорт базаларында тұру) рұқсат беруді;

25) Маңғыстау облысы аумағында көрермендердің қатысуынысыз, бір мезгілде 100 адамнан асырмай жинақтай отырып, БМСД №67 қаулысының талаптарын сәйкес және тиісті аумактардың бас санитариялық дәрігерлерінің келісімі бойынша күшеттілген санитариялық - дезинфекциялық режимді сақтаған жағдайда ҚР чемпионаттарын және респубикалық жарыстарды (бірыңғай респубикалық күнтізбе бойынша) өткізуге рұқсат беруді;

26) театрлардың қызметіне рұқсат беруді (толтырылуы 50%-дан асырмай, бірақ 50 адамнан артық емес, маска режимін, әлеуметтік қашықтықты сақтау);

27) санитариялық – дезинфекциялық режимді сақтай отырып, арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп – интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынысыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп – интернаттардың қызметтеріне рұқсат беруге;

28) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбілер үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарда, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оқу орындарында карантинді және санитариялық-

дезинфекциялық режимді сақтауды қамтамасыз етсін. Әлеуетті ата-аналар берілген күнінен бастап 3 тәуліктен аспаған, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты ұсынған кезде жетім балаларды одан әрі асырап алу, қорғаншылықты, қамқоршылықты белгілеу үшін олармен кездесуге сәбілер үйлері мен балалар үйлеріне баруға рұқсат етіледі.

Берілген күнінен бастап 3 тәуліктен аспаған, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру туралы құжатты ұсынған кезде ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының медициналық-әлеуметтік объектілерге баруына рұқсат етіледі.

#### **8. Маңғыстау облысының инвестиция және туризмді дамыту басқармасына:**

1) Маңғыстау облысына шетелден келетін адамдарға қойылатын талаптардың өзгергендігі туралы туроператорларды хабардар етсін.

#### **9. Аудандар мен қалалардың әкімдеріне, Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасына:**

1) Қазақстан Республикасына шетелден халықаралық жолаушылар авиарейстер мен автоөтпелерден келген адамдарда ПТР әдісімен COVID-19 - зертханалық тексеру жүргізілгендігі жөнінде анықтамасы жоқ және термометриядан өткізу кезінде дene температурасы жоғары болған адамдарды ПТР әдісімен зертханалық зерттеу жүргізу үшін 2 тәулікке оқшаулау мақсатында карантиндік стационарлардың жұмыс жасаудың ұйымдастырысын;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде кем дегенде 72 сағат бұрын алынған ПТР әдісімен COVID-19-ға тесттен өткені туралы анықтама болмаған жағдайда кіруге жіберілмесін;

3) COVID-19-ға ПТР зертханалық тексеру қорытындысымен он нәтиже анықталған анықталған және дene температурасы жоғары болған адамдарды жұқпалы аурулар ауруханасына оқшаулансын;

4) Бейнеу ауданының әкімі Боранқұл ауылшының шекарасында денсаулық сақтау қызметкерлері, полиция және жергілікті атқарушы органдар қатарынан контактіз термометрия жүргізу және келетін және кететін адамдар жіберілген жер бойынша деректерді жинау үшін, блок бекет ұйымдастырысын және орналастырысын;

#### **10. «Қазақстан темір-жолы - Жүк тасымалы» ЖШС –Маңғыстау бөлімшесі филиалы, Маңғыстау бөлімшелік көліктегі санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармаларының басшыларына қамтамасыз етуге:**

1) COVID-19-дің әкелуін және таралуын алдын алу бойынша эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін жолаушыларға Тәжін санитарлық-карантиндік пунктіндегі қызметкерлер міндетті түрде термометрия жүргізуге.

**11. Ақтау халықаралық әуежайының басшысына қамтамасыз етуді:**

1) әрбір рейстен кейін әуе кемелеріне ағымдағы профилактикалық дезинфекциялауды жүргізуді;

2) Тіркеуден өту, әуе кемесіне отырғызу және түсіру кезінде жолаушылар арасында қауіпсіз қашықтықты (кемінде 1 метр) және маска режимін сақтауды;

3) Тұрақты және чартерлік рейстердің жолаушыларын түсіруге және отырғызуға тартылған әуежай терминалдарының барлық үй-жайларына ағымдағы профилактикалық дезинфекциялауды жүргізу;

**12. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасына, Маңғыстау бөлімшелік көліктегі бөлімшелік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына, Ақтау қаласының әуежайы санитарлық бақылау пунктіне қамтамасыз етуге:**

1) Маңғыстау облысына Мемлекеттік шекарасы арқылы барлық өткізу пункттерінен шетелден авиарейстер мен автоөтпелерден келетін барлық адамдарға міндетті түрде термометрия жүргізе отырып, санитарлық-карантиндік бақылау жүргізуді;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттеріндегі санитарлық-карантиндік пункттері мамандарымен, тәулік бойы жұмыс режимін ескере отырып, жеке қорғаныш құралдарымен және дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етуді;

3) COVID-19 ауруының таралуы мен алдын алу жөнінде халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуі.

**13. «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ республикалық мемлекеттік кесіпорынның Маңғыстау облысы бойынша филиалына:**

1) Шетелден анықтамасыз келген Қазақстан Республикасының азаматтарын ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық зерттеу қарауды;

2) екі тәуліктен аспайтын мерзімде ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық зерттеу нәтижесін беруді қамтамасыз етуді.

3) коронавирустық инфекция бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін вахталық режимде жұмыс істейтін арнаулы әлеуметтік қызметтер орталығының қызметкерлеріне «COVID-19» -ға зертханалық тексеру жүргізу.

**14. Маңғыстау облысының Полиция департаментіне** енгізілген қосымша шектеулерді сақтау бойынша патрульдеуді ұйымдастырысын (қоғамдық көліктердің отыратын орындар санына сәйкес толуы және бетперде режимінің сақталуы бойынша, жаппай іс-шаралар өткізу, үйлену тойлары, еске алу және т.б.), жоғарыда көрсетілген талаптардың бұзылуы немесе

орындалмауы анықталған жағдайда дереу тиісті әкімшілік шаралары қабылдасын.


**15. Маңғыстау облысы Ішкі саясат басқармасына, аудан, қала әкімдіктерімен бірлесіп, қабылданған шаралар туралы халықты бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етсін.**

**16. Маңғыстау облысы Мемлекеттік бас санитарлық дәрігерінің «Маңғыстау облысының аумағында коронавирус инфекциясының алдын алу туралы» Маңғыстау облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №43 қаулысы, «Маңғыстау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №43-БСДҚ «Маңғыстау облысының аумағында коронавирус инфекциясының алдын алу туралы» қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Маңғыстау облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №44 қаулысының күші жойылды деп танылсын.**

**17. Осы қаулының орындалуын өзіме қалдырамын.**

**18. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап занды құшіне енеді.**

**Маңғыстау облысы  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Г.Надуев**